

Sarbaz. - 2019. - №11. - 15 марта

Запастағы полковник Бақберген Керей С. Сейфуллин атындағы әскері кафедре оқытушысы

Әскері кафедре студенттері жарыс жолында

Жақында Астана қаласы Орталық паркінің шаңғы роллерлік жолында Астана қаласының жоғары оқу орындарының әскері кафедралары арасында шаңғы эстафетасынаң жекелей -командалық жарыс болып өтті.

Аталған жарысқа қаладағы барлық ЖОО әскери кафедрасында оқитын оқу взводтарының студенттері қатысты. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің тыңдаушыларынаң құрылған жәке команданың да шаңғы трассасына шыққанын айта кету артық болмас.

Ереже бойынша команда құрамында 1 қыз және 3 ер бала болуы және жарысқа қатусышылар бектілген үлгідегі әскері шаңғы, оқжаттар салынған сөмке мен газ тұмылдырығын және автомат қаруы макетін асынуы шарт. Төрешілер шешімінен эстафетаның жалпы қашықтығы 7 шақырым болып бекітіліп, қызымыз 1 шақырым, ал жігіттер жағы 2 километрден жүгіретін болып келісілді. Сонымен, өзара мықтыны анықтау үшін жарыс басталып та кетті.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Ұлттық қорғаныс университетінің командасы жеңіп алды. Жүлделі 2 орынды С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ әскері кафедрасының құрама командасы (студенттер Д. Әлбеков, Д. Әлмұқанов, Р. Төлеухан, Ш. Қажымұқан) иемденді. Үздік үштіктер қатарынан М. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің құрама командасы көрінді.

Жарысты бас төрешісі Д. Хамзин мен ұйымдастырушылар ҚАТУ әскері кафедрасының студенті Дәлен Әлбековтің қол жеткізген нәтижесін атап өтті. Өйткені ол осыдан бір жұма бұрын өткізілген қалалық «Бұрқасың» шаңғы фестивалінді екінші орын алса, араға екі күн сала қала жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы Универсиадада жеңімпаз атаңған болатын.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер жарыс соңында ұйымдастырушылар тағайындаған кубоктар, грамоталар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ал, біздер сарышұнақ аязда шаңғы тебудің адам рухын көтеретін және жігер беретің және денсаулықты нағайтатын ерекше спорт түрі екiнiне көз жеткізіп, керемет әсермен тарқастық.